

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН



SARYARQA
ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН ВЕБ-САЙТ

А1
қарапайым деңгей

ҚАЗАҚ, ТІЛІ



ВЕБ-САЙТ



YOUTUBE



ОҚУ-ҚҰРАЛЫНЫҢ
АУДИО ҚОСЫМШАСЫ

Мемлекеттік қызметшілер мен
ересектерге арналған оқу құралы

Игенова А.А. ♦ Ағымбаева М.Ш.

LIVEWORKSHEETS

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақ тілін оқытуға арналған
«Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені

A1
қарапайым деңгей

ӨОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Каз-923
Қ22

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі
басқармасының тапсырысы бойынша әзірленді.

Кеңесші, пікір жазғандар:

З.С. Күзекова, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Б.М. Айтбаева, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор.

Авторлары: Игенова Алмагүл Ақмашқызы,

Ағымбаева Мунира Шайхсламқызы

Көркемдеуші дизайнер: А.Х.Есмагамбетов

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені.

Қарапайым деңгей (А1)

2023. – 177 б

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешенінің қарапайым деңгейге арналған оқу құралы тілді меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандартының талаптарына сәйкес әзірленіп, ересектерге тілді деңгейлеп оқытуды негізге алған.

Оқу құралында тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және тестілеуден өту дағдысын қалыптастыру мақсатында аралық тест тапсырмалары ұсынылды.

Оқу құралының аудиомәтіндері мен бейнематериалдары веб-сайтта орналастырылған. Сілтемеге QR-код арқылы өте алады. Тіл үйренушіге де, оқытушыға да дәрісті тиімді ұйымдастыруға ыңғайлы.

Куәлік №42847
ISBN 978-601-09-3005-6

© «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ, 2023

© «Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы» ЖК, 2023



1. Тыңдаңыз, тиісті қосымшаларды жазыңыз.

Мен

қыс+та
мамыр ____
жағажай ____
ауыл ____
қала ____
шетел ____
Түркия ____
Мысыр ____
көл ____
өзен ____
мұхит ____
шипажай ____

демалдым.



142



2. Оқыңыз, есте сақтаңыз.

тауға шығу
көлге түсу
суға шомылу
мұхитқа бару
табиғатқа шығу
шетелде демалу
атпен серуендеу
күнге қыздырыну
жағажайда демалу
таза ауада серуендеу



3. Сәйкестендіріңіз.

көлге
суға
мұхитқа
табиғатқа
шетелде
атпен
күнге
жағажайда
таза ауада

серуендеу
шығу
демалу
қыздырыну
бару
серуендеу
демалу
шомылу
түсу



4. Тыңдаңыз, оқыңыз.



Түркия



Мажарстан



Қытай



Мысыр



Үндістан



Жапония

Біріккен Араб
Әмірліктері

Солтүстік Корея




Оңтүстік Корея



Ресей



Тәжікстан



Өзбекстан



5. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Мажарстан+да демал+ды+м.

Мажарстан+ға бар+ды+м.

Мажарстан+нан кел+ді+м.



6. Кестені үлгінің көмегімен толтырыңыз.

көлге түсу	көлге түс+іп жатыр+мын	көлге түс+е+мін.	көлге түс+ті+м.
суға шомылу			
мұхитқа бару			
табиғатқа шығу			
шетелде демалу			
атпен серуендеу			
күнге қыздырыну			
жағажайда демалу			
таза ауада серуендеу			

143



7. Оқыңыз, есте сақтаңыз.



Келсай



Шарын шатқалы



Көктөбе



Шымбұлақ



Медеу



Қайыңды көлі




8. Ақпаратты оқыңыз.

Шымбұлақ Алматы маңындағы Іле Алатауы шатқалының 2510 метр биіктігінде орналасқан. Ол 1954 жылы ашылған. Шымбұлақта 4,5 шақырым аспалы жолы бар. Онда 2011 жылғы Қысқы Азия ойындары болды. Шаңғы маусымы қарашаның ортасында басталып, сәуірдің басына дейін жалғасады.



Шарын шатқалы Шарын өзенінің бойында орналасқан. Ол 30 млн жыл бұрын пайда болған. Шарын шатқалы 154 шақырымға созылып жатыр, биіктігі 100 метрден 300 метрге дейін. Қазір шатқалда төрт жаяу серуендеу жолы 1500-ге жуық өсімдік түрі бар.

Қайыңды көлі 1910 жылы қатты жер сілкінісінен кейін пайда болған. Ол 1867 метр биіктікте орналасқан. Ұзындығы – 600, ені – 300, ал тереңдігі 40 метр. Көл аумағында жеміс-жидектің 70-тен астам түрі, аң мен құстардың 197-ден астам түрі бар. Қайыңды көлі өте салқын, мөлдір таза.



9. Мәтін бойынша ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықтаңыз.

Курорт	Ақпарат	иә	жоқ
 Шарын шатқалы	Шарын шатқалы Шарын өзенінің бойында орналасқан.		
	Шарын шатқалы 140 шақырымға созылып жатыр.		
	Қазір шатқалда үш жаяу серуендеу жолы бар.		
 Қайыңды көлі	Қайыңды көлі 1918 жылы қатты жер сілкінісінен кейін пайда болған.		
	Ол 1867 метр биіктікте орналасқан.		
 Шымбұлақ	Көл аумағында жеміс-жидектің 70-тен астам түрі		
	Шымбұлақ Алматы маңындағы Іле Алатауы шатқалының 2510 метр биіктігінде орналасқан.		
	Ол 1954 жылы ашылған.		
	Онда 2011 жылғы Қысқы Азия ойындары болды.		



10. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

	Өткен шақ	Келер шақ
Шымбұлаққа бару	Шымбұлаққа бар+ды+м	Шымбұлаққа бар+а+мын.
шаңғы тебу		
суретке түсу		
таңғы ас ішу		
атпен серуендеу		
тауға шығу		
таза ауада серуендеу		
табиғатқа шығу		
көлді тамашалау		